

12 Putty программасы арқылы кластерлік жүйеге кіру

Мақсаты: Putty программасы арқылы кластерлік жүйеге кіру


Кілттік сөздер: Putty, кластерге қатнау

Оқытудың әдістемесі мен формасы: практикалық жұмыс

Putty- қашықтағы компьютерге немесе серверге қауіпсіз қосылуға болатын қосымша. Putty арқылы Windows операциондық жүйесі орнатылған компьютерден Linux операциондық жүйесі орнатылған серверге қатнауға да болады. Linux операциондық жүйесінде Putty орнату үшін, командасын тереміз, әдетте жылдам орнатылады:

sudo apt-get install Putty

Орнатылған соң программаны іске қоссаңыз, алдыңызға мынадай терезе шығады:



Сурет 88- Putty configuration терезесі

Host Name жолына қосылатын компьютерлердің IP адресін немесе атауын жазып, «Open» батырмасын басасыз.

Логин мен құпия сөзді енгізгеннен кейін пайдаланушы кластерде команда жолынан немесе Midnight Commander пайдалану арқылы жұмыс істей алатын терезе ашылады (сурет 32).



Сурет 89- Берілген компьютердің атауын енгізіп жүйеге кіру терезесі

Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ParamBilim атты суперкомпьютеріне кіру үшін оның IP адресін енгізіп, логин мен парольға test1 жазып кіруге болады.

Қолданылған әдебиеттер

Хэриш Чаухан Высокопроизводительный кластер на основе MPI: Часть 1. Установка и настройка MPI с ch_p4 на сервере OpenPower 720 //05.05.2018